

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1121 Қаулысы

**Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2005.03.29. N 272 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; 2004 жылғы 27 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі

**З а ң ы**

**) :**

**1 )**

**1 7 2 - б а п т а :**

**екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:**

**"2. Адамның өзіне сеніп тапсырылған немесе қызмет немесе жұмыс бабында мәлім**

болған мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуі, мемлекетке опасыздық белгілері болмаған жағдайда -

екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе басқа табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

үшінші бөлік алынып тасталсын;

2 ) 1 7 3 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "мемлекеттік құпиясы", "мемлекеттік құпияны" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік құпиялары", "мемлекеттік құпияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

3) 386-бап алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22 - құжат) :

1) 53-баптың бірінші бөлігіндегі "(мемлекеттік, әскери және қызметтік құпия, жедел-іздістіру қызметі, анықтау және алдын-ала тергеу құпиясы)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 275-баптың екінші бөлігіндегі "мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 231-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; 2004 жылғы 27 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы) :

278-баптың үшінші бөлігіндегі "мемлекеттік құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; 2004 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 10 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кредиттік бюролардың қызмет және кредиттік тарихты қалыптастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ; 2004 жылғы 27 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі

З а ң ы ) :

1) 69-баптың екінші бөлігі "сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық," деген сөздерден кейін "мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы құқық бұзушылық," деген сөздермен толықтырылсын;

2 ) 3 8 6 - б а п т а :

бірінші бөлігі "Мемлекеттік құпияларға" деген сөздерден кейін "қол жеткізудің немесе" деген сөздермен толықтырылсын;  
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер осы әрекеттерде қылмыстың белгілері болмаса, мемлекеттік құпиялармен және олар сақталған көздермен жұмыс істеуге рұқсат етілген жеке тұлғалардың құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөнінде белгіленген талаптарды бұзуы, - бестен жиырмаға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

ү ш і н ш і б ө л і к а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) 576-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "басқарма бастығы" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат):

3-баптың 4) тармақшасындағы "мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат

; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2003 ж., N 15, 135-құжат):

18-баптың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- тәртіпті, қырағы болуға, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жария болуына жол бермеуге, келісім-шарт бойынша міндеттемелерді қатаң сақтауға міндеттейді."

7. "Жедел іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N 15, 147-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 жылғы 30 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел іздестіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 ш і л д е д е г і З а ң ы ) :

1) 2-баптың тоғызыншы абзацындағы "мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия мағлұматтардың" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың 2-тармағының төртінші абзацындағы "мемлекеттік құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 12-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жасырын жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру және оларды жүргізу тактикасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрауы мүмкін.";

4) 23-баптың 4-тармағындағы "мемлекеттік құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 6, 72-құжат):

12-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қарсы барлаудан қорғау жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға;"

9. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат):

14-баптың 2-тармағындағы "мемлекеттік, коммерциялық және қызметтік құпия" деген сөздер мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 6, 41-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік құпиялар - жариялануы немесе жоғалуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, ғылым-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау қарсы барлау, жедел іздестіру және өзге де қызметтегі, мемлекет қорғайтын мәліметтер;"

үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын;

2) 4-баптың 2-тармағының үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстардың көлеміне байланысты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелерді құрады және олар жүргізетін жұмыстардың ерекшелігін ескере отырып, олардың функцияларын а н ы қ т а й д ы . " ;

3) 7, 8, 9 және 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігі  
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құрамы, құрылымы туралы ұсыныстар жасайды;

3) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаның әзірленуін ұйымдастырады;

5) бюджетте мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға бағытталатын қаржы бөлуді көздейді, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстары материалдық-техникалық және қаржылық

қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;

6) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелерді ұйымдастыру, олардың жұмыс істеу және таратылу тәртібін белгілейді;

7) құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбелерін әзірлеу тәртібін белгілейді;

8) мемлекеттік органдар мен ұйымдарды Қазақстан Республикасының айрықша режимді және режимді объектілерінің санатына жатқызу тәртібін белгілейді, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың келуі регламенттелген Қазақстан Республикасы аумақтарының тізбелерін айқындайды;

9) Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік құпияларға рұқсат берудің тәртібін белгілейді;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу үшін ұйымдарға арнайы сараптама жүргізу және олардың басшыларын аттестаттаудан өткізу тәртібін белгілейді;

11) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтердің құпияландырылуы салдарынан олардың көздері иесіне келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібін белгілейді;

12) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы халықаралық шарттарды жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

13) осы Заңмен көзделген мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы өзге де өкілеттіктерге ие болады.

8-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттігі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай саясатты жүзеге асырады және мынадай негізгі функцияларды атқарады:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық бағдарламалық, техникалық және криптографиялық шаралар жүйесін әзірлеу жөніндегі қызметін үйлестіреді, олардың Қазақстан Республикасының аумағында орындалуын бақылайды;

2) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші бар мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

3) басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

5) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелердің кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастырады;

6) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның органдарының өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның органдары:

1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қарсы барлаудан қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

2) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші бар мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарын бұзумен байланысты қылмыстарды анықтайды, олардың жолын кеседі, ашады және тергеу жүргізеді.

10-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілеттігі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбелерін әзірлейді;

2) өздері әзірлеген мемлекеттік құпиялардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оның ішінде өздеріне ведомстволық бағынысты ұйымдарда да қорғалуын қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етудің немесе жоғалтудың салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін залалдың мөлшерін айқындайды;

4) өздеріне басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді;

5) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің құпиялылық дәрежесін айқындайды;

6) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелерді құрады, олардың жұмыс істеуін, қайта ұйымдастырылуын және таратылуын қамтамасыз етеді;

7) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады;

8) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

9) ұйымдарды айрықша режимді және режимді объектілер санатына жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

10) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге рұқсат етілетін азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

11) мемлекеттік құпияларды қорғау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді."

4) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының өкілеттігі

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары:

1) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері жөнінде қаулылар шығарады және олардың орындалуын бақылайды;

2) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы өңірлік бағдарламаларды әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық және қаржылық қамсыздандыруды қамтамасыз етеді;

4) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелерді құрады, олардың жұмыс істеуін, қайта ұйымдастырылуын және таратылуын қамтамасыз етеді."

5 ) 1 1 - б а п т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

"әскерлерді" деген сөзден кейін ", Азаматтық қорғаныс бөлімдерін" деген сөздермен толықтырылсын ;

"құжаттарын, әскерлерді" деген сөздерден кейін ", Азаматтық қорғаныс бөлімдерін" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) тармақшадағы "саны," деген сөз алынып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әскерлерді, Азаматтық қорғаныс бөлімдерін жедел даярлаудың жай-күйін құрамын және (немесе) әскерлерді басқару жүйесінің жай-күйін ашатын мәліметтер;"

5 ) т а р м а қ ш а д а :

"әскерлердің" деген сөзден кейін ", Азаматтық қорғаныс (Мемлекеттік өртке қарсы қызмет) бөлімдерін және (немесе) Азаматтық қорғаныс басқармасы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын ;

"әскерлерді" деген сөзден кейін ", Азаматтық қорғаныс (Мемлекеттік өртке қарсы қызмет) бөлімдерін және (немесе) Азаматтық қорғаныс басқармасы органдарын" деген сөздермен толықтырылсын ;

"әскери тасымалдаумен" деген сөздер "әскери тасымалдарды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) қару-жарақ пен әскери техниканың бағыттарын, ұзақ мерзімді болжамдарын немесе дамыту жоспарларын, жеткізу көлемдерін, олардың сапалы жаңа деңгейін,



тактикалық-техникалық сипаттамаларын айқындайтын, қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін жасау немесе ескілерін жаңғырту жөніндегі мақсатты бағдарламалардың, зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың мазмұнын немесе оларды орындау нәтижелерін ашатын мәліметтер;"

7) тармақша "тәртібін ашып көрсететін" деген сөздерден кейін ", олардың сапалы жаңа деңгейін айқындайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшадағы "бактериялық" деген сөз "бактериологиялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) тармақшада:

"баллистикалық" деген сөз "баллисттік" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"өндірудің қасиеттерін" деген сөздердің алдынан "түрлерін" деген сөзбен толықтырылсын;

11) тармақша "ұйымдық құрылымын" деген сөздерден кейін "(бағыныстылығы)" деген сөзбен толықтырылсын;

13) тармақша "міндеттемелеріне кірмейтін" деген сөздерден кейін "айрықша режимді," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 12 - бапта:

б) тармақшадағы "мәліметтер" деген сөз "жиынтық мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада:

"тактикалық-техникалық" деген сөздерден кейін "түрлерінің" деген сөзбен толықтырылсын;

"сипаттамасы туралы" деген сөздерден кейін ", олардың сапалы жаңа деңгейін айқындайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) әскери эталондардың метрологиялық сипаттамаларын ашатын, қару-жарақ пен әскери техниканың сапалы жаңа деңгейін айқындайтын мәліметтер;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) қару-жарақ пен әскери техника саласындағы стандарттардың мазмұнын ашатын, олардың сапалы жаңа деңгейін айқындайтын мәліметтер;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) отынның стратегиялық түрлерін жеткізудің және олардың қорларының көлемдерін ашатын мәліметтер;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы бойынша пайдалы жер асты қазбалардың жекелеген түрлерінің теңгерімдік қорларын ашатын мәліметтер;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша пайдалы қазбалардың жекелеген түрлерін өндіру туралы деректерді ашатын мәліметтер;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) қару-жарақ пен әскери техниканың кейбір түрлеріне тапсырыстарға, оларды әзірлеуге, өндіруге арналған, режимді объектілерде инженерлік-техникалық іс-шараларды жүргізуге арналған қаржы бөлуді немесе нақты шығындарды ашатын мәліметтер;" ;

16) тармақшада :

"әскерлерді ұстауға" деген сөздерден кейін "және дамытуға" деген сөздермен толықтырылсын ;

"баптары" деген сөз "ерекшеліктері" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) тармақша "жасау" деген сөзден кейін "және (немесе) жинақтау" деген сөздермен толықтырылсын ;

22) тармақша "маңызы зор" деген сөздерден кейін "әуе-ғарыштық, гравиметриялық, " деген сөздермен толықтырылсын ;

24) тармақшадағы ", ауыл шаруашылығы" деген сөздер алынып тасталсын;

25) тармақшадағы "медициналық-санитариялық" деген сөздер "медициналық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) мемлекеттік және (немесе) жұмылдыру резервтерінің нақты қорларын ашатын жиынтық мәліметтер;" ;

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"33) елді қорғау мүдделерінде пайдаланылуы мүмкін кен қазу орындары, табиғи үңгірлер, метрополитендер немесе басқа да құрылыстар туралы мәліметтер;" ;

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"35) атом-энергетикалық кешені объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы мәліметтер;" ;

7) 14-баптың 14) тармақшасында :

"және салық" деген сөздер алынып тасталсын;

"ішкі істер" деген сөздерден кейін "және қаржы полициясы" деген сөздермен толықтырылсын ;

8) 18-бапта :

1-тармақтағы "қауіпсіздігі мен мемлекеттің, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне" деген сөздер "қауіпсіздігіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші және үшінші бөліктері алынып тасталсын;

9) мемлекеттік тілдегі мәтініндегі 19-баптың 4-тармағы өзгеріссіз қалдырылсын;

10) 20-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құпияландыру мерзімі жиырма жылдан аспауға тиіс. Бұл мерзім мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысы негізінде мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының

шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.";

11) мемлекеттік тілдегі мәтініндегі 21-баптың 1-тармағы өзгеріссіз қалдырылсын;

12) 22-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбесіне мемлекеттік органдардың өзгерістер мен толықтырулар енгізуі.";

13) 26-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Ұйым филиал немесе өкілдік болып табылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырысшы бірлескен және басқа жұмыстарды орындаушы ұйымда өзінің мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесін құруға құқылы.";

14) 27-баптың тақырыбы мен мәтіні "шет мемлекеттерге", "шет мемлекетке", деген сөздерден кейін тиісінше "және халықаралық ұйымдарға", "және халықаралық ұйымға" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 29 - бапта :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарына, азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларымен жұмыс істеуге рұқсат ету";

1 - тармақта :

бірінші бөліктегі үшінші абзац "келісімін" деген сөз "жазбаша келісімін" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "әкімшілік пен" деген сөздер "жұмыс беруші мен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "құпия немесе" деген сөздер "құпия және" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тұрақты негізде мемлекеттік құпияларға рұқсат берілген Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғалары мен азаматтары үшін мемлекеттік құпияларға берілген рұқсаттарының нысанына байланысты еңбекақыларына пайыздық үстемелер белгіленеді.";

4-тармақтағы "шетелдіктерге" деген сөздер тиісінше "шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 30-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартқа (келісім-шартқа) қол қоюдан бастартуы";

17) 31-баптың 2-тармағындағы "әкімшіліктің" деген сөз "жұмыс берушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 32-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы "республикадан тыс жерлерге" деген сөздерден кейін "тұрғылықты мекен-жайға" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Ұйымдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстар жүргізуге рұқсат беру

1. Ұйымдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстар жүргізуге рұқсат Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары беретін рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

Рұқсат ұйымдарды арнайы сараптамадан өткізу және олардың басшыларын аттестаттау нәтижелерінің негізінде беріледі.

2. Президент қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға, Парламенттің аппараттарына, Орталық сайлау комиссиясына, Конституциялық Кеңес аппаратына, Жоғарғы сот аппаратына, орталық атқарушы органдарға, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) әкімдіктерге мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстар жүргізуге рұқсат беруді аталған мемлекеттік органдардың басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады." ;

20) 35-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленетін мемлекеттік стандарттарда айқындалады." ;

21) мынадай мазмұндағы 36-1, 36-2-баптармен толықтырылсын:

"36-1-бап. Ведомствоаралық және ведомстволық бақылау

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғаудың қамтамасыз етілуін ведомствоаралық бақылауды мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктерде мемлекеттік құпияларды қорғаудың қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік органдар мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша ведомстволарда, аумақтық органдарда және өздерінің қарауындағы ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғаудың қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттарында, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзеті қызметінде мемлекеттік құпияларды қорғаудың қамтамасыз етілуін бақылауды олардың басшылары ұйымдастырады.

4. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғаудың қамтамасыз етілуін ведомствоаралық және ведомстволық бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

36-2-бап. Прокурорлық қадағалау

Мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңдардың қолданылуын және бұл ретте қабылданатын шешімдердің заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады. "

22) 37-баптың 1-тармағындағы "сондай-ақ шетелдіктер" деген сөздер "шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасының патент заңы" туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 718-құжат; 2004 жылғы 27, 28 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы ) :

37-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік құпия" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат ) :

26 - б а п т а :

12) тармақшадағы "мемлекеттік, қызметтік" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды, " деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшадағы "бойынша бұзылуы мүмкін" деген сөздер "бойынша" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) егер оның негізгі лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеу кіретін болса, қызметкерге мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуге берілген рұқсат мемлекеттік құпиялар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтатылған жағдайларда бұзылуы мүмкін."

13. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; 2004 жылғы 27 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы ):

6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:  
"2-1) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекіту;  
".

14. "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы "мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияға жататын" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 23-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік немесе қызметтік құпия болып табылатын" деген сөздер "мемлекеттік құпиялар бар" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*